



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

*2024 жыл май айында*

Астана қаласы

№ 55

город Астана

Ата-аналарды педагогикалық қолдау  
орталығы қызметінің тұжырымдамалық  
тәсілдерін бекіту туралы

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Занының 15-бабы 1-тармагының 11) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің тұжырымдамалық тәсілдерін бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (М.А. Медетбекова) осы бүйрыкты облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін және оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бүйрыктың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы оқу-ағарту вице-министріне (Е.С. Оспан) жүктелсін.
4. Осы бүйрык қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

*Н. Бейсембаев*



Бейсембаев

Қазақстан Республикасы  
оқу-ағарту министрінің  
2024 жылғы «1» ақпандагы  
№ 55 бұйрығымен бекітілді

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау  
орталығы қызметінің тұжырымдамалық  
тәсілдері**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің тұжырымдамалық тәсілдері (бұдан әрі – Тұжырымдамалық тәсілдері) Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының (бұдан әрі – Орталық) мақсатын, міндеттерін, қызмет принциптерін, ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету мазмұнын, сондай-ақ Орталық қызметінен күтілетін нәтижелерін айқындайды.

2. Орталық қызметінің өзектілігі өскелең ұрпақтың құндылықтарын қалыптастыруда отбасына педагогикалық қолдау көрсетудің маңыздылығымен айқындалады.

3. Орталықтың қызметі позитивті ата – ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған.

**1-тaraу. Ағымдағы жағдай**

4. Еліміздің заңнамалық деңгейінде балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді.

Отбасы саясаты саласындағы белсенді мемлекеттік қолдауға қарамастан, Қазақстанда 2021 жылы жүргілген зерттеу деректері ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуіне аз тартылғанын көрсетті (ата – аналардың 42% – ы мектепке бармайды, 25%-ы балаларды дамыту үшін кітаптар мен басқа материалдарды сатып алмайды, 55% - ы баламен бірге мұражайларға, театрларға ешқашан бармайды немесе сирек барады).

Сонымен қатар, зерттеулер ата-аналардың баланың жеке тұлға ретінде

қалыптасуына және оның академиялық жетістіктеріне әсер ететіндерін раставды. PIRLS – 2016 халықаралық зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, ата – аналары балаларымен жүйелі түрде айналысатын төртінші сынып окушылары ата-аналары балаға сирек көніл бөletін окушыларға қарағанда 24 баллға, балаларының окуына мұлдем көніл бөлмейтін балаларға қарағанда 110 баллға жоғары болды.

Бұл жағдайдаң себептерінің бірі – ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін дамытудың жеткіліксіз деңгейі, балалар мен ата-аналардың қарым – қатынасының бұзылуы.

Бұл үрдіс ата – аналар үшін Орталықтар форматында психологиялық – педагогикалық ағарту жұмыстың жүйелі түрде іске асыруының өзектілігі мен қажеттілігін раставды.

### **3-тарау. Орталық қызметінің мақсаты, міндеттері, қағидаттары**

5. Орталықтың мақсаты – позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру.

6. Орталықтың міндеттері:

1) ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту;

3) Отбасы – Мектеп өзара іс – қымылын нығайту;

4) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

7. Орталық қызметінің қағидаттары:

1) гуманистік бағыт;

2) ұлттық мәдениетке, құндылықтар мен дәстүрлерге сүйену;

3) ата – аналардың ағартушылығын саралау және даралау;

4) заманауи ғылым мен практиканың жетістіктерін пайдалану;

5) әлеуметтік серіктестік.

8. Орталықтар жалпы білім беретін мектептер базасында жұмыс істейді.

Орталықтың қызметіне жалпы білім беретін мектептердің педагогтері, оның ішінде мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, педагог-психологтар, тәлімгерлер қатысады.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін, ата-ана комитеттердің төрағаларын тартуға ұсынылады.

Орталықтың сабактары мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес әр түрлі интерактивті формаларды қолдана отырып өткізіледі: дөңгелек үстел, пікірталас, міға шабуыл, іскерлік және рөлдік ойындар, мастер-класс, тренинг.

9. Орталықтың сабактары осы Тұжырымдамалық тәсілдерге қосымшада ұсынылған ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларына (бұдан әрі – Бағдарламалар) сәйкес өткізіледі.

Әр Бағдарлама жылына сегіз сабакты қамтиды. Ата-аналар

қауымдастырының нақты психологиялық – педагогикалық білімге сұранысын зерттеу үшін сауалнама жүргізу ұсынылады. Сауалнама қорытындысы бойынша нақты мектеп үшін өзекті проблемалар мен тақырыптар бойынша екі-үш сабак өткізуге жол беріледі.

Бағдарламалардың мазмұны ұлттық құндылықтарға, олардың дамуының жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың әл-ауқатының теориялық негіздеріне бағытталған.

10. Ұлттық мәдениеттің неғұрлым шоғырланған мазмұны «Даналық мектебі» клубының (бұдан әрі – Клуб) қызметінде көрініс табады. Клуб Орталықтар жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады және ерікті негізде құрылады.

Клубтың мақсаты – аға ұрпақтың педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы позитивті ата-ана мәдениетін дамыту.

Клубтың міндеттері:

- 1) Клуб жұмысына аға ұрпақтың бастамашыл өкілдерін тарту;
- 2) халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін өскелен ұрпақты тәрбиелеудің негізіне айналдыруға жәрдемдесу.

Клуб қызметінен күтілетін нәтиже:

- 1) позитивті ата – ана мәдениетін қалыптастыру үшін аға ұрпақтың тәжірибесін табысты пайдалану;
- 2) ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер негізінде өскелен ұрпақты тәрбиелеу.

11. Ата – аналар қоғамымен өзара іс – қимылдың негізгі институты ата-аналар комитеттері болып табылады. Педагогтер ата-аналар комитеттерімен бірлесіп, заманауи үрдістерді колдана отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген балаларды тәрбиелеу жүйесін құрады.

#### **4-тaraу. Орталықтарды ғылыми-әдістемелік қолдау**

12. «Өркен» балалардың әл-ауқатының ұлттық ғылыми – практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Институт) Орталықтарға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуді іске асырады.

13. Институт:

1) ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларын және сабак жоспарларын;

ақпараттық ресурстарын: әдістемелік нұсқаулықтар, презентациялар, чек-парапттар, бейнероликтер;

институт сайтындағы цифрлық ресурстарын (оның ішінде видео – сабактар) ұсынады;

2) ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша вебинарлар мен семинарларды өткізеді;

3) «Ата – аналарды психологиялық-педагогикалық оқытудың ғылыми-

әдістемелік негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттырады.

### **5-тарау. Күтілетін нәтижелер**

14. Орталықтардың қызметі нәтижесінде:

- 1) ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесі іске асырылады;
- 2) ата-аналардың позитивті ата-ана болу құзыреттерін дамытуға уәждемесі артады;
- 3) ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы артады;
- 4) Ата-ана – Мектеп өзара іс-қимылды күшейтіледі;
- 5) ұлттық құндылықтардың тәрбие процесіне интеграциясы күшейтіледі.

Ата – аналарды педагогикалық  
қолдау орталығы қызметінің  
тұжырымдамалық әдістеріне  
қосымша

### **Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламалары**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мазмұны</b>
1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы		
1.	«Отбасы – бақыт бесігі»  Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу жобасы	<ol style="list-style-type: none"> <li>Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі.</li> <li>Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі.</li> <li>Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері.</li> <li>Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге күрылған қарым-қатынас.</li> <li>Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері.</li> </ol>
2.	«Білімдіге дүние жарық»  Таным куанышы: баланың қызыға окуяна қалай көмектесеміз?	<ol style="list-style-type: none"> <li>Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы.</li> <li>Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау.</li> <li>Баланың есте сактау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері.</li> <li>Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде...</li> <li>Балалардың окуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті.</li> </ol>
3.	«Әрбір бала – жарық жүлдyz»  Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	<ol style="list-style-type: none"> <li>Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу.</li> <li>Баланың окуяна, мінез-құлқына және қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. «Баланың жақсысы - сүйініш, жаманы – күйініш».</li> <li>Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады?</li> <li>Әр баланың бірегейлігін ашуудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.</li> </ol>
4.	«Баланы жастан...»	<ol style="list-style-type: none"> <li>Ойындар – баланы дамытудың негізгі қуралы.</li> </ol>

	Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.
5.	«Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай женуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері. 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау. 3. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен». Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оку, серуендеу, театр.
6.	«Сенім арту – жетістік кепілі» Қыын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1. Бала өміріндегі қындықтар. 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік ар-ұят адамдықтың белгісі, Тұрпайы мінез, жат қылыш - надандықтың белгісі. 3. Қыын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарастырылу. 4. Қыын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары. 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену.
7.	«Әкені көріп үл өсер, шешені көріп қыз өсер» Балаға үлгі көрсету	1. Отбасында уақытты бірге өткізуідің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдептерді үйрету. 4. Үәдесін орындау – ата-ананың ең басты қагидастырылу. 5. «Балапан үядан не көрсе, үшқанда соны іледі».
8.	«Тәлімменен өрілген біздің дәстүр» Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы карым-катынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2. Тәрбие тәлімнен. «Тату үйдің тамағы тәтті». Отбасылық дәстүрлер мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер. 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлердің сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлердің қалыптастыру. 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабактастырылу.

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы

	<p>1. «Баланың бас ұстазы – ата-ана» Позитивті тәрбие</p>	<p>1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері.</p> <p>2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету.</p> <p>3. Позитивті ата – аданың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-кұлық қасиеттерін дамыту.</p> <p>4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары.</p> <p>5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулығы.</p>
	<p>2. «Ақыл айтпа, жол көрсет» Жасөспірімнің бейімделуі</p>	<p>1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс – әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті – жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі.</p> <p>2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қыындықтар.</p> <p>3. «Өзінді өзің сыйламасан, өзгеден сый дәметпе». Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері.</p> <p>4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.</p>
	<p>3. «Балаға үйрету: ақылынды мейірімге орап бер» Бала жүргегіне жол табу</p>	<p>1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары.</p> <p>2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мұдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі.</p> <p>3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер.</p> <p>4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары.</p> <p>5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сактаудың шарты - кешіре білу.</p>
	<p>4. «Бұлақ көрсөн, көзін аш» Баланың шығармашылық қабілетін дамыту</p>	<p>1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері.</p> <p>2. Ертегі ойлап табуға үйрету.</p> <p>3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы.</p> <p>4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру.</p>

		5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.
5.	«Ақпараттан ақкараны ажырату өнері» Жасөспірімнің желідегі әрекеті	<p>1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары.</p> <p>2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері.</p> <p>3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі.</p> <p>4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері.</p> <p>5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті.</p>
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-тендікті қалай сактауға болады	<p>1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары.</p> <p>2. Жасөспірім бойындағы қын мінез-құлықтың белгілері.</p> <p>3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі.</p> <p>4. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос». Өзін-өзі реттеу жолдары.</p> <p>5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.</p>
7.	«Жасөспірімдермен қарым-қатынас күпиялары» Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	<p>1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық.</p> <p>2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері.</p> <p>3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қоркыту. «Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы».</p> <p>4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары.</p> <p>5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі.</p>
8.	«Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына» Кұндылықтар - отбасы бақытының негізі	<p>1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі.</p> <p>2. «Көніл кең болса, үйдің тарлығы білінбес». Қонақжайлыштық – отбасы құндылықтарының негізі.</p> <p>3. «Мейірімді ата – Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сактау жолдары.</p> <p>4. Бабалар дәстүрі – үрпаққа өсиеті – отбасының құндылығы ретінде үрпақтан – үрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану.</p> <p>5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сактауда мектеп пен ата – ананың өзара әрекетінің маңызы.</p>

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы

1.	«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» Адамгершілік күнділіктер негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері. 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауды мен қабілеттің қолдау. 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету. 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері.
2.	«Көркем міnez – баға жетпес байлық» Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері. 2. Эмоционалды интеллекттің күрылымдық компоненттері: өзін – өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау). 3. Күйзеліс кезіндегі міnez – құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер. 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті. 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер.
3.	«Сен жанбасаң лапылдал...» Балаға мамандық тандауға қалай көмектесуге болады?	1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі. 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті. 3. «Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады». Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін тандауда қалай көмектесуге болады. 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтаудың кедергі болатын қындықтар. 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу – өмірдегі бакыт пен табыстың негізі.
4.	«Құмарлыкка бой алдыру – тәуелділік күрдымы» Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	1. Тәуелділік түрлері (тамак, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.). 2. Окушы бойындағы тәуелділіктің белгілері. 3. «Сынықтан өзгенің бәрі жүгяды». Тәуелділіктің алдын алу шаралары. 4. Тәуелділіктің алдын алуша отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.
5.	«Жақсылдан қашпа, жаманға баспа...» Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі. 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау.

	сынып окушылырының қауіпсіздігі	3. Жоғарғы сынып окушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы. 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары. 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті.
6.	«Күйзелістен шығар жол» Күйзелістің женуге көмектесеміз	1. «Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны». Сіздің ресурстың жағдайыныңда қалай қолдауға болады. Күйзелістен арылу әдістері. 2. Эмоцияны бақылау – күйзелістен шығудың жолы. 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлыш және күйзелістің басқа да экстремалды көріністері. 4. Қателесу – тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті.
7.	«Сүйіспеншілік – сыйластық кілті» Махаббат татулықтың негізі	1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-тендіктің негізі. 2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету. 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып окушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады.
8.	«Атадан өсиет, анадан қасиет» Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабактастығы алдынғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі. 2. «Ананың ізін қызы басар, атанаң ізін ұл басар». Эке мен ананың отбасындағы рөлі. 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе – қазіргі балалардың даму ерекшеліктері. 4. Заманауи құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау.